



Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 14 сәуірдегі N 585 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 сәуір N 560

Қазақстан Республикасы Президентінің "Алматы облысының әкімшілік орталығын көшіру туралы" 2001 жылғы 14 сәуірдегі N 585 U010585_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы облысының әкімі:

1) мемлекеттік органдардың басқа жерде (Талдықорған қаласына) жұмысқа ауысудан бас тартқан қызметкерлері туралы мәліметті заңнамамен белгіленген тәртіппен жұмысқа орналасуларына көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігіне (келісім бойынша) ұсынсын;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп Алматы қаласында орналасқан босайтын мемлекеттік меншіктегі қызметтік ғимараттар мен құрылыстардың сақталуын қамтамасыз етуге шаралар қабылдасын.

2. Алматы облысының әкімшілік орталығын көшіруге байланысты

мәселелерді шешу жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

3. Комиссияның ұсынылып отырған құрамы бекітілсін.

4. Комиссия Алматы қаласында босайтын мемлекеттік меншіктегі қызметтік ғимараттар мен құрылыстарды одан әрі тиімді пайдалану жөніндегі ұсыныстарды белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 26 сәуірдегі
N 560 қаулысымен
бекітілген

Алматы облысының әкімшілік орталығын көшіруге байланысты

мәселелерді шешу жөніндегі комиссияның
құрамы

Ахметов Даниал - Қазақстан Республикасы
Кенжетайұлы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары,
төраға

Досаев - Қазақстан Республикасының
Ерболат Асқарбекұлы Қаржы вице-министрі

Долженков - Алматы облысы әкімінің бірінші
Виктор Анатольевич орынбасары

Жылқайдаров - Талдықорған қаласының әкімі
Сәкен Егінбайұлы

Оразәлиев - Қазақстан Республикасының Ішкі
Молдияр Молыбайұлы істер бірінші вице-министрі

Нәлібаев - Қазақстан Республикасының Көлік
Әбдіқалық Зәкірұлы және коммуникациялар бірінші
вице-министрі

Котлов - Қазақстан Республикасының Әділет
Андрей Николаевич вице-министрі

Өмірбаев - Қазақстан Республикасының Еңбек
Әділхан Әбдірахманұлы және халықты әлеуметтік қорғау
вице-министрі

Комаров - Қазақстан Республикасы Қаржы
Геннадий Григорьевич министрлігінің Мемлекеттік мүлік
және жекешелендіру комитеті
төрағасының орынбасары

Шәкенов - Қазақстан Республикасы Премьер-
Мұхамбетқасым Қойшыбайұлы Министрі Кеңесінің Аймақтық

даму бөлімінің бас инспекторы

Ахметжанов - Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі
Саян Қылышұлы агенттіктің Құқық департаментінің
директоры (келісім бойынша)

Ескерту. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.05.04. N 603 қаулысымен.

Р 0 1 0 6 0 3 _

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.